

Орталық сайлау комиссиясының 1995 жылғы қарашаның 8-індегі N 16 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушылары туралы Ережеге және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауындағы қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының, депутаттыққа сенім білдірген адамдарының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің өкілеттіктері туралы Ережеге өзгерістер енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1997 жылғы 18 тамыз N 15/93 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 53. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 110/134 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушылары туралы Ережеге мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1-тараудың 2-пунктінің екінші бөлігі алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауындағы қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының, депутаттыққа сенім білдірген адамдарының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің өкілеттіктері туралы Ережеге мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1-тараудың 2-пунктінің екінші бөлігі алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының*

төрайымы

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының*

хатшысы

Алматы, 1997 жылғы тамыздың 18-і

N 15/93

**Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары
сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар
байқаушылары туралы**

Ереже

(Ортсайлаукомның 1997 жылғы 18 тамыздағы N 15/93 қаулысына енгізілген өзгерістермен бірге)

I. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларын тіркеу тәртібі

1. Байқаушылар Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ж а н ы н д а т і р к е л е д і .

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша өз мәжілісінде тиісті шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларын тіркеу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

3. Байқаушылардың өкілеттік мерзімін Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

4. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы байқаушыларға белгіленген үлгідегі куәліктер береді.

II. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының өкілеттіктері

1. Б а й қ а у ш ы л а р :

- әрбір учаскедегі, пункттегі дауыс беруге арналған учаскелер мен пункттердің ашылуына қатысуға;

- сайлау күні сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте болуға;

- сайлау күні сайлау комиссиясының мәжілістеріне қатысуға;

- дауыс санау барысын, сондай-ақ учаскесіндегі, пунктіндегі дауыс беру нәтижелерін анықтауды қадағалауға құқылы.

III. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушылары қызметін қамтамасыз ету

1. Байқаушылар Қазақстан Республикасы аумағында жүрген кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қамқорлығында (қорғауында) болады.

2. Байқаушылар қызметін материалдық-қаржылық жағынан қамтамасыз ету байқаушыларды жіберген тараптардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Байқаушылардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде тиісті сайлау комиссиялары мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі оларға көмек көрсетіп отырады.

IV. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық Заң күші бар Жарлығының 40, 42-баптарына сәйкес байқаушылардың сайлау комиссияларының жұмысына араласуына жол б е р і л м е й д і .

2. Байқаушылар Қазақстан Республикасы заңдарын немесе халықаралық құқықтық жалпы жұрт таныған қалыптарын бұзған жағдайда Қазақстан

Республикасының Орталық сайлау комиссиясы оларды тіркеуді қайтарып алуға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң

х а т ш ы с ы

**Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының
сайлауындағы қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының,
депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген
адамдарының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат
құралдары өкілдерінің өкілеттіктері туралы**

Ереже

(Ортсайлаукомның 1997 жылғы 18 тамыздағы N 15/93
қаулысына енгізілген өзгерістермен бірге)

I. Қоғамдық бірлестіктер байқаушыларын тіркеу тәртібі

1. Қоғамдық бірлестіктер байқаушылары қоғамдық бірлестіктердің республикалық және аумақтық бірлестіктерінің ұсынуы бойынша аумақтық және округтік сайлау комиссиялары жанында тіркеледі.

2. Қоғамдық бірлестіктер байқаушыларын тіркеу туралы шешім тиісті аумақтық және округтік комиссиялардың мәжілістерінде қабылданады.

3. Байқаушылардың өкілеттік мерзімін тиісті сайлау комиссиясы белгілейді.

4. Тиісті сайлау комиссиялары қоғамдық бірлестіктер өкілдеріне белгіленген үлгідегі куәліктер береді.

**II. Парламент депутаттарының сайлауындағы қоғамдық
бірлестіктер байқаушыларының және депутаттыққа
кандидаттардың сенім білдірген адамдарының өкілеттіктері**

1. Қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының және депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген адамдары:

- дауыс беруге арналған учаскелер мен пункттерді ашқан кезде әр учаскеде,
п у н к т т е қ а т ы с у ғ а ;

- сайлау күні сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте болуға;

- сайлау күні сайлау комиссиясының мәжілістеріне қатысуға;

- сайлау учаскесіндегі, пунктіндегі дауыстарды санау барысын, сондай-ақ дауыс беру нәтижелерін анықтауды байқауға хақылы.

**III. Қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының және депутаттыққа
кандидаттардың сенім білдірген адамдарының жауапкершілігі**

Тиісті сайлау комиссиялары қоғамдық бірлестіктердің байқаушылары Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда тіркеуді қайтарып алуға құқылы.

IV. Сайлауға дайындық барысы мен оның қорытындыларын жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне куәлігі және редакцияның тапсырмасы болған жағдайда сайлауды өткізуге байланысты шараларға қатысуға кепілдік беріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң

х а т ш ы с ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК